



Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы

ҚР үкіметімен байланыс бойынша Бас директордың орынбасары, «Каспий құбыр желісі консорциумы» АҚ

Оқу жылдары:
1970-1975 жж.

Мамандығы:
==

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, бұрынғы ҚазПТИ-ге мен 1970 жылы мектепті бітіргеннен кейін түстім. Мен «Автоматика және есептеу техникасы» мамандығын таңдадым, өйткені сол кезде, бүгінгі тілмен айтқанда, креативті және заманауи мамандық болды. Жастар сияқты мен де заман талабына сай болғым келді. Әлбетте, мен бірден университетке қабылданғаным бақытты едім. Сондықтан бар арманым жақсы оқу және оны сәтті бітіру еді.

Негізінен, университетте оқытылған пәндер мен үшін оңай болды. Әсіресе, «Машиналар мен механизмдер теориясы», «Есептеу техникасының негізі» сияқты пәндер ұнайтын. Бірақ «Бағдарламалау» деген пәнді түсіну мен үшін қиындық тудырды. Өйткені мектепте бұндай пән оқытылмады. Мысалы, «есептеудің екілік жүйесі» сияқты түсініктер мен үшін қараңғы қапас сияқты еді. Сондықтан қосымша дайындалуға тура келді. Ол үшін кітапханаға барып, қосымша әдебиеттер оқыдым.

Мен жақсы оқыдым, емтихандардан «құлаған» кезім болмады. Бұған оқытатын пәндерін жетік білетін, жоғары білікті, өз ісінің кәсіби мамандары болған оқытушыларымның арқасында жеттім десем артық айтқаным болмас.

Университет қабырғасында материалтану, электртехника мен ақпараттық технологиялардан бастап әртүрлі салаларда жақсы инженерлік білім алдым. Алған білімімнің кәсіби қызметімде көп көмегі тиді.



*Өзімнің кәсіби қызметтегі
жетістіктерім үшін Университетке
борыштармын.*



Оқуға түскен және 1975 жылы оқуды бітірген жылдарым – кеудемді мақтанаш кернеген, ең жылы әрі жарқын кездерім. Бірақ оқуды бітіргеннен кейін мені және курстастарымды

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(с) НАО «КазНІТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(с) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(с) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.

кенеттен Кеңес Армиясының қатарына офицерлік қызметке шақырды. Тек екі жылдан кейін 1977 жылы Казспецавтоматика тресіне инженер болып орналастым.

Өзімнің кәсіби қызметтегі жетістіктерім үшін Университетке борыштармын. Ол менің мәселелерді жүйелі шешу сияқты дағдыларымның қалыптасуына негіз болды. Өйткені ақпараттық технология жүйелі техникаға негізделеді. Мұндай тәсілді инженер қызметімнен бастап басқарушы қызметіме дейін қолданып келемін.

Оқытушылық қызметпен айналысым келе ме? Мүмкін, болашақта өскелең ұрпақпен өз тәжірибеммен бөлісу үшін оқытушылықпен айналысармын. Бірақ мынаны нақты айта аламын: қазіргі заманда IT-технология білімінсіз алға жылжу мүмкін емес. Оларды білу жеткіліксіз, оларды математикалық модельдеу үшін дұрыс қолдана алу қажет. Сондықтан ҚазҰТЗУ студенттерінің осы бағытқа ерекше назар аударғаны жөн.

Бүгінде ҚазҰТЗУ-дың 85 жылдық тарихы бар. Қара шаңырақтан Қазақстанның стратегиялық маңызды нысандарында қызмет етіп жатқан және еліміздің дамуына өзіндік үлестерін қосып жатқан жетекші қызметтегі мыңдаған студент қанат қақты. Бүгінгі студенттерге айтарым: үздік оқу орнында оқитындарыңызды мақтан етіңіздер! Сәтті бастамадан кейін дара жолдарыңызды еркін әрі сенімді жалғастыруларыңызға, білім алу жолындағы қиындықтардан тайсалмай өтулеріңізге тілектеспін. Университет қабырғасында өткен әр күндеріңіз қызықты және жаңа білімге толы болсын! Әрине, әр бастамада сәттілік тілеймін!

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(с) НАО «КазНТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(с) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(с) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.